

РЕЗЮМЕ

В статье даны результаты некоторых клинических показаний при экзематозных поражениях кожи кошек. Результаты исследований показывают, что при острой экземе повышается температура тела, учащается пульс. При исследовании мочи не было выявлено отклонений в показателях. Совмещенное применение димефосфона и натрий гипохлорита не показало изменения показателей в клиническом статусе у животных.

RESUME

The article gives the results of some clinical indications with eczematous skin lesions cats. Research results show that increased body temperature in acute eczema and quickens the pulse. Urinalysis showed no deviation in the indicators. The combined use of sodium hypochlorite and dimephosphone showed no changes in indicators in the clinical status of the animals.

ӘОЖ.616.995.122:619:639.2

А. К. Карина, магистрант

Б. М. Сидихов, ветеринария ғылымдарының кандидаты (РФ)

Р. С. Сабиров, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
ҚОЙЛАРДЫҢ МОНИЕЗИОЗБЕН ЗАЛАЛДАНУ ДЕҢГЕЙІ**

Аннотация

Мақалада қой аурулары мен паразитоз кезінде қолданылған препараттарды тәжірибеден өткізу бойынша маусымдық-өсу динамикасынан мәліметтер келтірілді. Арнайы әдебиетті талдау мен жеке зерттеулер нәтижесі барлық қой малының мониезиозға шалдыққанын көрсетті.

Түйін сөздер: *мониезиоз, орибатидтер, кенелер, цестодтар, гельминт, инвазия.*

Кіріспе. Мониезиоздар – таспа құрттар аурулары, тудыратын қоздырғыштары *Moniezia* туыстығының *Anoplocephalidae* тұқымдастығына жатады. Мониезиозбен қойлар, ешкі, ірі қара мал, бұғылар, енекелер және жабайы күйіс қайыратын жануарлар ауырады. Негізінен жиі төлдер, соның ішінде қозылар, лақтар, бұзаулар ауырады.

Қоздырғышы – ірі таспа құрттар *Moniezia expansa* және *Moniezia benedeni*. Шар тәріздес 4 сорғышымен қарусыз сколексі, өңеш арасындағы безі, қос жыныс аппараты, жыныс тесігі, екі жағына ашылатын әрбір жетілген мүшелері екі түріне тән болып табылады. Мониезидің 10 түрі тіркелген, бірақ ветеринарлық мамандар *Moniezia expansa* және *Moniezia benedeni* түрлерімен жиі кездеседі.[1,3]

Малдарға мониезиоз жайылымда қаптап жүрген орибатея кенелері арқылы көктем айларында жұға бастайды. Кенелер саңырауқұлақтардың сабағымен, өсімдік түбірімен, шіріген органикалық заттармен қоректеніп, жайылымда екі жылдай тіршілік етеді. Олар әсіресе батпақты жерлерде, орманды жердің шөбі мен топырағында көп кездеседі. Көбінесе орибатея кенелері топырақ бетінде жорғалап жүреді, ал жауынды күндері өрмелеп шөп басына шығып кетеді. Күн ысыған мезгілде шөптің басына шығады. Кенелер шөп басында, әсіресе жауынды күндері ұзақ болады. Сондықтан малдың көпшілігі мониезиозға жауынды күндері шалдығады. Мониезия жұмыртқалары қолайсыз жағдайларға төзімді келеді. Мәселен, нәжістегі құрт жұмыртқалары ылғал мол болса, 12-14 ° С жылылықта төрт ай бойы өлмейді, бірақ 50 ° С ыстықта бір минутқа жетпей қырылып қалады. Жазды күні ашық далаға келіп түскен мониезия жұмыртқаларының екі тәуліктен кейін 36 пайызы ғана, ал бесінші, алтыншы күндері 13 пайызы ғана тірі қалады.

Жануарларға диагнозды клиникалық белгілеріне байланысты, мониезиозға тән пат-анатомиялық өзгерістердің болуы, тканьдармен ішкі мүшелерде мониезиялар немесе олардың балапан құрттарын табу және гельминттік копроскопиялық зерттеулердің нәтижесі мен эпизоотологиялық деректерді ескере отырып қояды. Диагноз қою кезінде, аурудың клиникалық белгілері, тағы субклиникалық жүріс-тұрысының физиологиялық өзгермегендігі ескеріледі. Бұл мал организмнің ауруға қарсы тұру қабілетіне, оның жасына, инвазияның қарқынына, азықтандыру және күту жағдайына, сонымен бірге аурудың өту түрі мен басқа жағдайларына байланысты [2,4,5].

Жұмыстың мақсаты: Мониезиоздардың мал шаруашылығына тигізетін зиянын зерттеп, сонымен қатар олармен күресу шараларын жетілдіру.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеуге Батыс Қазақстан облысы жағдайындағы далалы және орман-далалы зоналарда орналасқан қой шаруашылығындағы қойлар 2014 жылдың қыс мезгілінен 2015 жылдың күз мезгілі аралығында зерттеуге алынды. Копрологиялық зерттеулер Дарлинг әдісімен жүргізілді.

Дарлинг әдісі. Бұл әдісте Дарлинг сұйығы қолданылды. Осы ретте 1 литр суға 380-400 г ас тұзын қосып қайнатып, еседі. Нәтижесінде тұзды қаныққан ерітіндісін аламыз. Бұл ерітіндіні дәкеден сүзіп, салқындатып, 1 литр глицерин қосамыз. Жасалуы: 3-5 г нәжісті алып, фарфор тостағаншаға салып, 10 мл су құйып, еземіз. Содан кейін осы сұйықтықты дәкеден өткізіп, центрифугалық пробиркаға құйып, 3 минут айналдырамыз. Осы ретте жұмыртқалар судан ауыр болғандықтан, түнбаға түседі. Пробирканың үстіңгі жағындағы суды төгіп, Дарлинг сұйығын центрифугада 3 минут айналдырамыз. Осы ретте жұмыртқалар жеңіл болғандықтан, қалқып шығады. Оның 1-2 тамшысын заттық шыныға салып, жапқышпен жауып микроскоппен қараймыз. Зерттеу нәтижелері бойынша әр жастағы малдарда инвазия экстенсивтілігі мен интенсивтілігі анықталды.

Зерттеу нәтижелері. Қойлардың мониезиялармен зақымдануының динамикасы маусымдық белгілермен айқындалады. Батыс Қазақстан облысында қойлардың мониезиялармен зақымдалуы далалық жерлерде – сәуір айының соңында, ал кей жылдары сәуір айының басында байқалатыны анықталды. Бұған дәлел ретінде аталмыш зоналардағы қозыларда *Moniezia expansa*-ның белгілерінің алғаш рет мамыр айының аяғында білінуі. Батыс Қазақстан облысының орман-далалы зоналарында қойлардың мониезиялармен залалдануы далалы зоналарға қарағанда 2-3 ай кейінірек байқалады. Осылайша қойлардың барлық жас топтарының мониезиялармен зақымдалуы көрінеді. Кей инвазиялардың сыртқы ортада дамуының бәсеңдеуі қойлардың шілде-тамыз айларында ауруға шалдығуына әкеліп соғады. Бұған себеп бұл мезгілдерде ауа температурасының жоғары және құрғақшылықтың болуы. Күз мезгілінде инвазияның сыртқы ортада интенсивті дамуы және қойлардың мониезиялармен залалдануы байқалады.

Қараша айының екінші бөлігінде қойлардың мониезиялармен залалдануы тоқтайды. Дегенмен бұл кезде инвазияланған қойлар жұмыртқа бөлуін тоқтатпай, келесі жылдың көктем мезгілінің басына дейін жұмыртқа бөліп отырады.

Осы бағыттағы жүргізілген зерттеу нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

Қойлардың аурумен залалдануының жастық динамикасын сипаттай келе, ересек қойларға қарағанда қозылар ауруға шалдыққыш келетіні айқындалды. Батыс Қазақстан облысының далалық зоналарындағы қозылардың инвазия интенсивтілігі - 49,1%, ал орташа қой басына 11,2 экз. және 1 грамм нәжістегі жұмыртқалар - $102,1 \pm 4,1$ құраса, 2 жасқа дейінгі жас малдарда инвазия интенсивтілігі - 35,9 %, ал орташа қой басына 9,1 экз. және 1 грамм нәжістегі жұмыртқалар - $98,1 \pm 2,1$, саулық қойлар мен қосқарларда - инвазия интенсивтілігі - 25,6 % және 16,9 %, ал орташа қой басына 7,9 экз. және 5,8 экз., 1 грамм нәжістегі жұмыртқалар - $94,5 \pm 6,2$ мен $90,9 \pm 3,2$ құрады. Батыс Қазақстан облысының далалық аумақтарында мониезиялармен қойлар сәуір айының басында, ал орман-далалы аумақтарда - мамыр айының басында зақымдала бастайды.

Қойлардың мониезиоз ауруын алдын-алу және емдеу мақсатында Альбендазол тобына жататын "Альвет-суспензия" препараты қолданылып, оның қой ағзасына әсері анықталған болатын.

Альвет-суспензия препаратының қой ағзасына әсерін анықтау мақсатындағы зерттеу жұмыстарына 3-4 жас аралығындағы 15 бас қой алынды. Зерттеуге алынған жануарлар 5 бастан 3 топқа бөлінген болатын.

1 кесте – Екі табиғи зонадағы қой мониезиозының маусымдық динамикасы

Айлар	Қолданылған сынамалар саны(далалық зона)	<i>Moniezia expansa</i> инвазияланған		Зерттелген сынамалар саны(орман- далалық зона)	<i>Moniezia expansa</i> инвазияланған	
		Саны	ЭИ,%		Саны	ЭИ,%
Қаңтар	96	-	-	64	-	-
Ақпан	100	-	-	66	-	-
Наурыз	102	-	-	63	-	-
Сәуір	120	34	28,3	67	3	4,4
Мамыр	130	100	76,9	70	30	42,8
Маусым	125	96	76,6	60	40	66,6
Шілде	124	70	56,4	64	28	43,7
Тамыз	126	70	55,5	66	16	24,2
Қыркүйек	128	96	75	70	32	45,7
Қазан	122	45	36,8	70	15	21,1
Қараша	125	15	12	60	1	1,6
Желтоқсан	104	-	-	54	-	-
Барлығы	1402	526	37,5	774	165	22,1

1 және 2-топтағы саулық қойларға бір мезгіл, шприц дозаторымен ауыз қуысы арқылы Альвет суспензиясын 1 кг дене салмағына 5,0 және 15,0 мг (альбендазол бойынша), яғни терапевтикалық және 3 еселенген дозада берілді. 3-топ жануарларына препарат берілмей, бақылауда ұсталды. Зерттеу жұмыстары бойы жануарлар бірдей жағдайда бағып-күтілді. Барлық зерттеу препарат берілгеннен 1 тәулік бұрын және препарат берілгеннен кейінгі 1,5 және 10-тәуліктерде жүргізілді. Клиникалық зерттеулер мен қан сынамасын алу бір уақытта, яғни, малдарды азықтандыруға дейін таңғы сағат 6-да жүргізілді.

Алынған зерттеу нәтижелері "Альвет-суспензия" препаратын терапевтикалық және 3 еселенген дозалық мөлшерде берген кезде қойлардың жалпы клиникалық жағдайына кері әсер етпейтінін көрсетті. Бірінші және екінші тәжірибелік топтағы қойлардың гематологиялық көрсеткіштері препарат енгізгенге дейінгі және бақылау тобындағы қойлардың көрсеткіштерінен ерекшеленген жоқ (кесте 2).

2 кесте – «Альвет-суспензия» препаратының қой ағзасына әсері ($P > 0,05$)

Зерттеу уақыты, күн	I л қандағы саны		Hb, R %	Лейкоцитарлық формула,%							
	Er, 12 10	Le, 9 10		Б	Э	Нейтрофилдер			Л	М	
						Ю	П	С			
Бақылау тобы											
Препарат бергенге дейін	9,07	9,4	6,7	-	2,5	-	1,7	36,8	57,5	2,6	
1 тәуліктен кейін	8,99	9,7	6,6	0,6	2,1	-	2,4	35,5	56,6	2,3	
3 тәуліктен кейін	9,04	9,5	6,4	-	1,7	-	1,8	37,1	56,6	2,5	
5 тәуліктен кейін	9,078	9,6	6,5	0,7	1,6	-	2,3	36,5	57,7	2,8	

2 кестенің жалғасы

Тәжірибе жүргізілетін I топ											
Препарат бергенге дейін	9,03	9,7	6,5	-	1,4	-	1,7	37,7	56,6	2,1	
1 тәуліктен кейін	8,79	10,2	6,3	0,4	2,4	-	3,1	35,3	56,4	2,6	
3 тәуліктен кейін	8,82	9,7	6,01	1,0	2,4	-	2,8	35,8	56,6	2,9	
5 тәуліктен кейін	9,06	9,5	6,6	0,4	2,0	-	2,2	36,7	56,3	2,2	
Тәжірибе жүргізілетін II топ											
Препарат бергенге дейін	9,10	9,7	6,5	-	1,4	-	1,7	37,7	56,6	2,1	
1 тәуліктен кейін	8,79	10,2	6,3	0,4	2,4	-	3,1	35,3	56,4	2,6	
3 тәуліктен кейін	8,82	9,7	6,01	1,0	2,4	-	2,8	35,8	56,6	2,9	
5 тәуліктен кейін	9,06	9,5	6,6	0,4	2,0	-	2,2	36,7	56,3	2,2	

Сонымен қатар, 2-кестеде көрсетілгендей тәжірибе тобындағы қойлардың гематологиялық көрсеткіштері айтарлықтай өзгермей, барлық зерттеу жұмыстары бойы физиологиялық нормадан ауытқыған жоқ және бұл көрсеткіштер бақылау тобындағы жануарлардың көрсеткіштерінен ерекшеленбеді. Осылайша, терапевтикалық және 3 есе көбейтілген дозадағы "Альвет-суспензия" препараты қойлардың ағзасына қауіпсіз болып табылады.

Қорытынды. Жануарлардың өнімділігін арттыру үшін оларға уақытылы күтім жасап, түрлі кеселдің, соның ішінде инвазиялық аурулардың алдын алу мақсатында емдік шараларды жүргізіп тұру қажет. Негізінен субклиникалық формада таралатын паразитарлық аурулар жануарлардың салмағын азайтып, ет пен жүннің сапасына да кері әсер етеді. Ал инвазия күш алған жағдайда мал басы төмендеп, жас малдың шығыны орын алуы мүмкін.

Мониезий инвазиясының экстенсивтілігі мен интенсивтілігін анықтау барысында, жаз мезгілінде мониезийлердің көбейгендігін, ал күз мезгілінде бұл көрсеткіштің төмендегенін байқадық. Қойлардың мониезиоз ауруын алдын-алу және емдеу мақсатында Альбендазол тобына жататын "Альвет-суспензия" препаратын қолдануға болады.

Мониезиоз ауруының алдын алу, болдырмау мақсатында мал азығында белок, минералды тұздар және витаминдер бойынша тепе-теңдігі сақталған рационды пайдалану қажет. Малдарды тек астаудан азықтандыру, мал қораларын таза ұстау, малды құрғақ жайылымға жаю сияқты шараларды қадағалап, орындау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ерболатов К.М. Мал гельминтоздары / К.М. Ерболатов. – Алматы : Қайнар, 1984. – 76-78б.
- 2 Абуладзе К.И. Паразитология и инвазионные болезни сельскохозяйственных животных / К.И. Абуладзе и др. – М.: Колос, 1980. – 89-91б.
- 3 Котельников Г.А. Диагностика гельминтозов животных / Г.А. Котельников. – М.: Колос, 1974. – 32-33 б.
- 4 Акбаев М.Ш. Опыт борьбы с мониезиозом овец в колхозе «Войтика» ставропольского края / М.Ш. Акбаев, А.Ш. Джатдоев // Вопросы ветеринарной науки и практики : сб. науч. тр. МВА. – М., 1975. – Т.79. – Ч.2. – 14-16 б.
- 5 Демидов Н.В. Гельминтозы животных: Справочник. / Н.В. Демидов. – М.: ВО Агропромиздат, 1987. – 335 б.

РЕЗЮМЕ

В статье приведены данные по сезонно-возрастной динамике паразитов овец и результаты опытов по испытанию препаратов при паразитозе. Анализ специальной литературы и результатов собственных исследований показывает, что все овцы оказываются зараженными мониезиями.

RESUME

The article contains the data on seasonal and age dynamics of sheep's parasites and the results of the performed studies on testing products, used at parasites. The analysis of special literature and results of own researches shows, all sheep appear the infected monieziya.